13) сауда алаңы – сауда объектісінің тауарларды сату кезінде тауарларды қоюға, көрсетуге, сатып алушыларға қызмет көрсетуге және сатып алушылармен ақшалай есеп айырысу жүргізуге, сатып алушылардың өтуіне арналған, арнайы жабдық қойылған алаңы;

14) сауда желісі – сауда базарларын қоспағанда, ортақ басқару аясындағы және бірыңғай коммерциялық белгіленім мен өзге де дараландыру құралдарының аясында пайдаланылатын, екі және одан да көп сауда объектісінің жиынтығы;

15) стационарлық сауда объектісі – жермен берік байланысқан және инженерлік-техникалық қамтамасыз ету желілеріне қосылған (технологиялық жалғанған) ғимарат немесе ғимараттың бір бөлігі (қосарлас, қосарлас-жапсарлас, жапсарлас салынған үй-жай), құрылысжай немесе құрылысжайдың бір бөлігі (қосарлас, қосарлас-жапсарлас, жапсарлас салынған үй-жай);

16) стационарлық емес сауда объектісі – инженерлік-техникалық қамтамасыз ету желілеріне қосылуының (технологиялық жалғануының) болуына немесе болмауына қарамастан, жермен берік байланыспаған, уақытша құрылысжай немесе уақытша конструкция, оның ішінде автоматтандырылған құрылғы немесе көлік құралы;

17) шатыр (павильон) – құрастырмалы-жиналмалы конструкциялардан, бір немесе бірнеше сауда орындары үшін сауда жабдықтарымен жарақтандырылған сауда қорына арналған алаңы бар және арнайы белгіленген орынға орналастырылатын, жеңіл құрылатын құрылыс;

18) электрондық сауда – тауарларды өткізу жөніндегі, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызмет.

3. 1-бөлімде респонденттің тіркелу орнына (облыс, қала, аудан, елді мекен) қарамастан, тауарларды (көрсетілетін қызметтерді) нақты өткізу орны көрсетіледі. Егер респонденттің әр түрлі облыстарда (өңірлерде) статистикалық нысанды ұсынуға құзыреті жоқ бірнеше құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері (сауда нүктелері) болса, онда респонденттер өзінің құрылымдық және оқшауланған бөлімшелерінің орналасу орнын көрсете отырып, статистикалық нысанды ұсынады.

Статистикалық нысанда көрсетілетін қызметтердің коды мен атауы Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының (бұдан әрі – Бюро) интернет-ресурсында ([www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)) "Анықтамалар" бөлімінде орналасқан "Ішкі сауда қызметтерінің анықтамалығына" (бұдан әрі – ІСКСЖ) сәйкес келтіріледі.

Тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өткізу көлемі сатып алушыларға қолма-қол және қолма-қол ақшасыз есеп айырысуға сатылған тауарлар, өнімдер және көрсетілетін қызметтер бойынша алынған ақшалай түсімдердің сомасы болып табылады. Статистикалық байқаудың мақсаттары үшін тауарларды өткізу көлемі сауда үстеме бағасын қамтитын, қосылған құнға салықтарсыз, акциздерсіз нақты сату бағаларында беріледі.

4. 2-бөлімді есепті жылы бөлшек сауданы жүзеге асыратын респонденттер толтырады. Бөлшек тауар айналымына заңды тұлғалар және дара кәсіпкерлерге тауарларды өткізуді қосуға жол берілмейді.

2.1-бөлімде барлық өткізу арналары бойынша бөлшек сауда көлемі көрсетіледі.



1.1-жол бойынша стационарлық сауда объектілері арқылы (стационарлық сауда объектілерінде (бутиктер, бөлімдер) сауда орындарын жалға алушыларды қоса есептегенде) бөлшек сауда көлемі көрсетіледі.

1.2-жол бойынша сауда базарларынан тыс орналасқан дүңгіршек, сауда автоматтары, жылжымалы сөрелер, автодүкендер, шатырлар және стационарлық емес объектілер арқылы бөлшек сауда көлемі көрсетіледі.

1.3-жол бойынша сауда базарлары аумағындағы бөлшек сауда көлемі көрсетіледі.

1.4-жол бойынша интернет арқылы бөлшек сауда көлемі көрсетіледі. Электрондық сауда интернет арқылы тауарларды сату мен сатып алуды білдіреді. Тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге Интернет арқылы тапсырыс беріледі, бұл ретте төлем және тауарларды жеткізу немесе көрсетілетін қызметтер әдеттегі режимде әрі онлайн режимде де жүзеге асуы мүмкін.

1.5-жолда басқа позициялар (тасымалдау, таратпа, желілік маркетинг, тұтынушыларға тікелей жеткізілетін отынды тікелей сату және тағы басқалары) кірмеген кез келген тәсілдегі бөлшек сауда кіреді.

1.6-жол бойынша автожанармай автогаз толтыру компрессорлық станциялары, автогаз құю станциялары, құю станциялары арқылы мотор отыны мен басқа тауарларды өткізу көрсетіледі.

2.2-бөлімде сауда желілерін толтыру кезінде сауда объектілерімен қоса жалға алынғандар да көрсетіледі.

Дүкендер мамандандырылған, мамандандырылмаған, әмбебап болып бөлінеді.

Мамандандырылған дүкендерге ассортиментінің көлемі жиырма бес мың атауға (бірлікке) дейін мамандандырылған ассортименті бар (құрылыс материалдары, тұрмыстық электротехника, жиһаз және басқалар), сауда желілеріне кіретін немесе кірмейтін, өз аумағының шекарасы шегінде автокөлік құралдарын қоюға арналған алаңның болуын көздейтін сауда қызметінің көптеген субъектілері ұсынған сауда объектісі жатады.

Сауда үйіне біртұтас объекті ретінде басқарылатын, сауда объектілерінің және қоғамдық тамақтандыру объектілерінің жиынтығы орналасқан, сауда қызметіне арналған және сауда, әкімшілік-тұрмыстық және қойма үй-жайларымен және өзінің аумағының шекарасы шегінде автокөлік құралдарының тұрағы үшін алаңмен қамтамасыз етілген күрделі стационарлық құрылыс жатады.

1-6-жолдар бойынша сауда үйлеріне, дүкендерге, дәріханаларға, дүңгіршектерге сауда алаңы келтіріледі, ал 7-жол бойынша автожанармай құю және газ толтыру станцияларында – пайдалы алаң.

2.3-бөлімде 1-баған бойынша өлшем бірлігі көрсетілген, статистикалық нысанға 1-қосымшада келтірілген заттай көріністегі жеке тауарлық айқындамалар бойынша тізбесі тауарларды бөлшек саудада өткізу көлемі көрсетіледі.

2-баған бойынша құндық көріністегі бөлшек сауда көлемі көрсетіледі.

3-баған бойынша ІСҚСЖ кодына сәйкес тауар түрлері бойынша жыл соңына тауар қорларының құны көрсетіледі. Тауар қорларына сауда кәсіпорындарында, қоймаларда, белгілі күнге жолда болатын ақшалай немесе заттай көріністегі тауарлар мөлшері жатады.

2.4-бөлімде бөлшек саудадағы сауданың үстеме бағасы, яғни қайта сатуға алынған тауарды өткізу нәтижесінде алынған нақты немесе шартты есептелген баға арасындағы айырмашылық ретінде анықталады, яғни сауда кәсіпорны сатылған тауардың орнына ұқсас тауарды сатып алу үшін (сатылғанның орнына қою үшін) төлеуге қажет болған баға көрсетіледі.

5. 3-бөлімді есепті жылда көтерме сауданы жүзеге асырған респонденттер толтырады.

3.1-бөлімде 1-баған бойынша ІСҚСЖ кодына сәйкес тауар түрлері бойынша тауарларды көтерме өткізу көлемі, 2-баған бойынша отандық тауарлармен көтерме сауда көлемі және 3-баған бойынша жыл соңына тауарлық қорлар көрсетіледі.

2-баған бойынша 1-бағаннан отандық өндірістің тауарларымен көтерме сауда көлемін бөлу қажет.

3.2-бөлімде көтерме саудадағы сауданың үстеме бағасы, яғни қайта сатуға алынған тауарды өткізу нәтижесінде алынған нақты немесе шартты есептелген баға арасындағы айырмашылық ретінде анықталады, яғни сауда кәсіпорны сатылған тауардың орнына ұқсас тауарды сатып алу үшін (сатылғанның орнына қою үшін) төлеуге қажет болған баға көрсетіледі.

6. 4-бөлімде жасалған мәмілелер құнынан комиссиялық алымның пайызынан алынған табыс комиссиялық агенттер арқылы көтерме сауда бойынша көрсетіледі. Сыйақыға немесе шарт негізіндегі көтерме сауда өз атынан немесе басқа тұлғалар немесе фирмалар есебінен мәмілелер, сонымен қатар сатушылар мен сатып алушыларды жолықтырумен байланысты сыйақыға жүзеге асыратын комиссиялық агенттер және басқа да көтерме сауда делдалдарының қызметі болып табылады.

7. 5-бөлімді экономикалық қызметінің негізгі түрі көтерме сауда кодтарына жататын және жұмыс істейтіндердің тізімдік саны 50 адамнан асатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері толтырады. Бұл бөлімде кейінгі өткізу түріне қарамастан импорт бойынша сатып алынған тауарлардың көлемі көрсетіледі. Қазақстан Республикасының резидент – заңды тұлғаларына Қазақстан Республикасы аумағында тіркелген заңды тұлғалар жатады.

3.1-жолды тауар өз облыстарының резиденттері арқылы сатылып алынған болса толтырылады, одан кейінгі жолдар бойынша ІСҚСЖ сәйкес 1-баған бойынша тауар кодын көрсетумен тауар аты толтырылады, 2-баған бойынша әрбір тауар бойынша өз облысының резиденттерінен сатылып алынған тауарлар көлемі көрсетіледі.

3.2-жол бойынша және одан кейін басқа облыстардың резиденттерінен сатылып алынған тауарлар көлемі В бағаны бойынша облыстар (өңірлер) коды көрсетіліп

толтырылады, 2-баған бойынша әрбір тауар бойынша басқа облыстың резиденттерінен арқылы сатылып алынған тауарлар көлемі көрсетіледі.

8. 6-бөлімді есепті жылы тамақ өнімдерімен және сусындармен қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсету көлемін (қоғамдық тамақтандыру қызметі) ұсынған дара кәсіпкерлер толтырады.

Тамақ өнімдерімен және сусындармен қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетуге мейрамханалар, дәмханалар, жылдам қызмет көрсететін мейрамханалар, тамақты сыртқа шығарып беретін орындар, балмұздақ сатуға арналған вагоншалар, тамақ сатуға арналған жылжымалы вагоншалар қызметі, сауда шатырларында тамақ дайындау бойынша қызмет, сонымен бірге мейрамханалар мен барлардың жекелеген объектілерді жұмылдырған жағдайдағы жеткізумен байланысты қызметтер кіреді.

Бұл бөлімде барлық қоғамдық тамақтандыру объектілері бойынша көрсетілген қызметтер көлемі, объектілер саны және отыратын орындар саны көрсетіледі. Бұл ретте объектілер көлемі және отыратын орындар санын есепті жылдың соңына көрсету қажет.

9. 7-бөлімді есепті жылы автомобильдерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша қызметін ұсынған дара кәсіпкерлер толтырады.

Автомобильдерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша қызметтерге көлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу: механикалық, электротехникалық жөндеу жұмыстары, отынды электронды бүрку жүйелерін жөндеу, тұрақты тексеру және ағымдағы жөндеу, шанақты, автокөлік құралдарына арналған қосалқы бөлшектерді жөндеу, жуу, жылтырату және т.б., бүрку және бояу, алдыңғы шынылар мен терезелерді, отырғыштарды жөндеу, шиналар мен камераларды жөндеу, оларды орнату немесе ауыстыру, тотығуға қарсы өңдеу, қосалқы бөлшектер мен өндірістік процестің бөлігі болып табылмайтын құрал-жабдықтарды орнату кіреді.

Бұл бөлімде көрсетілген қызметтер көлемі, станциялар саны және пайдалы алаң көрсетіледі. Бұл ретте саны мен пайдалы алаңын есепті жылдың соңындағы жағдай бойынша көрсету қажет.

10. 8-бөлімде "Сауда" саласына жатпайтын қызметтің қосалқы түрі бойынша өнімді (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу көлемі көрсетіледі. Қызмет түрін кодтау Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші кодына сәйкес 5 таңбалық деңгейде жүргізіледі.

11. Есепті кезеңде қызметі болмаған кезде респондент тиісті жылға арналып бекітілген Респонденттердің жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулар бойынша алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигінде көрсетілген осы есепті кезең үшін статистикалық нысандарды ұсынудың ең ерте мерзімдерінің аяқталу күнінен кешіктірмей Қызметінің болмағандығы туралы хабарламаны Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі № 173 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6459

болып тіркелген) Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидаларымен белгіленген тәртіпте ұсынады.

12. Осы статистикалық нысанды ұсыну электрондық түрде немесе қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында (<https://cabinet.stat.gov.kz/>) орналастырылған "Респонденттің кабинеті".

Ескерту: x – берілген позиция толтыруға жатпайды.

13. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1) 2.1-бөлім:

1-баған  $\geq$  2-баған барлық жолдар бойынша;

1-жол  $\sum$  барлық жолдар сомасы (1.1-1.6);

1.6 жол 2 баған  $\geq$  1.6.1 жол 2 баған

2.1-бөлімінде 1.6-жол =  $\sum$  1.6.1, 1.6.2 және 1.6.3 барлық жолдар сомасы;

Егер 2.1-бөлімде 1-бағанның 1.6-жолы  $>0$ , онда 2.2-бөлімде 7-жол  $>0$ ;

2) 2.2-бөлім:

2-жол =  $\sum$  2.1, 2.2, 2.3-жолдар әрбір баған бойынша;

2.2-жол =  $\sum$  2.2.1, 2.2.2 жолдар әрбір баған бойынша;

7-жол =  $\sum$  7.1, 7.2 және 7.3-жолдар сомасы бойынша;

7-жол 1 баған =  $\sum$  7.1, 7.2, 7.3 жолдар 1 баған;

7-жол 4 баған =  $\sum$  7.1, 7.2, 7.3 жолдар 4 баған;

Егер 2.2-бөлімде 7-жол  $\geq 0$ , онда 2.1-бөлімде 1.6-жол  $\neq 0$ ;

2.3-жол =  $\sum$  2.3.1, 2.3.2, 2.3.3 жолдар әрбір баған бойынша;

1 жол + 2 жол =  $\sum$  2.4.1-2.4.5 жолдар әрбір баған бойынша;

егер 1-баған  $\neq 0$ , онда әрбір жол үшін 2-баған  $\neq 0$ ;

егер 4-баған  $\neq 0$ , онда 1, 2, 3-бағандар  $\neq 0$  (2-баған үшін жол берілетін бақылау)

3) 2.3-бөлім:

егер 1-баған  $\neq 0$ , онда 2-баған  $\neq 0$  және керісінше (статистикалық нысанына 1-қосымшада келтірілген белгілі тауар позициялары бойынша);

егер 2-баған  $\neq 0$ , онда 3 баған  $\neq 0$  әрбір жол үшін (жол берілетін бақылау);

4) 3.1-бөлім:

егер 1-баған  $\neq 0$ , онда әрбір жол үшін 2-баған  $\neq 0$  және 3-баған  $\neq 0$  (жол берілетін бақылау);

5) 5-бөлім:

1-жол =  $\sum$  2 және 3-жолдар;

3-жол =  $\sum$  3.1 және 3.2-жолдар;

3.1-жол 2-баған =  $\sum$  3.1.1-3.1.20 жолдар;

3.2-жол 2-баған =  $\sum$  3.2.1-3.2.20 жолдар;

3.2.1-3.2.20-жолдарда "Б" бағаны бойынша тауар атауы міндетті түрде көрсетілуі қажет, "В" бағаны бойынша міндетті түрде қандай облыстан сатып алынғандығы туралы коды көрсетілуі қажет;

1-баған бойынша барлық тауарлар бойынша ІСКСЖ сәйкес тауар коды көрсетілуі қажет.

б) 6-бөлім:

егер 1-баған  $\neq 0$ , онда 2-баған  $\neq 0$  1.1-1.5-жолдар үшін (1.5 жол үшін жол берілетін бақылау);

егер 1-баған  $\neq 0$ , онда 3-баған  $\neq 0$  1.1-1.5-жолдар үшін (жол берілетін бақылау);

егер 3-баған  $\neq 0$ , онда 1-баған  $\neq 0$  1.1-1.5-жолдар үшін;

7) 7-бөлім:

егер 2-жол  $\neq 0$ , онда 3-жол  $\neq 0$ ;

егер 1-жол  $\neq 0$ , онда 2-жол  $\neq 0$  (жол берілетін бақылау);

8) Бөлімдер арасындағы бақылау:

2.1-бөлім 1-баған 1-жол  $\geq$  2.3-бөлім 2-баған бойынша 1-жолы  $\sum$  барлық жолдар;

2.1-бөлім 2-баған  $\sum$  1.1-1.6-жолдар = 2.3-бөлім 2-баған  $\sum$  азық-түлік тауарлар коды бойынша жолдар;

2.3-бөлім 1-жол 2-баған  $> 0$ , онда 2.4-бөлім  $> 0$  (жол берілетін бақылау);

2.3-бөлім 1-жол 2-баған  $\geq$  2.4-бөлім (жол берілетін бақылау);

егер 3.1-бөлімінде 1-жол 1-баған  $> 0$ , онда 3.2-бөлім  $> 0$  (жол берілетін бақылау);

3.1-бөлімде 1-жол 1-баған  $\geq$  3.2-бөлім (жол берілетін бақылау);

егер 3.1-бөлімде 1-баған 1-жол  $\neq 0$ , онда 5-бөлімде 2-баған 1-жол  $\neq 0$  (жол берілетін бақылау) негізгі экономикалық қызмет түрі көтерме сауда түріне жататын және жұмыс істейтіндердің тізімдік саны 50 адамнан асатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері бойынша ғана толтырады.

Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау және  
реформалар агенттігінің Ұлттық  
статистика бюросының  
басшысы  
2022 жылғы 15 желтоқсандағы  
№ 40 бұйрығына  
3-қосымша

Мемлекеттік статистика органдары  
күпиялылығына кепілдік береді

Confidentiality  
guaranteed by the  
state statistical agencies

Жалпы мемлекеттік статистикалық  
байқаудың статистикалық нысаны

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі  
Статистика комитеті төрағасының  
2020 жылғы "24" қаңтардағы  
№ 9 бұйрығына  
5-қосымша

Жалпы мемлекеттік статистикалық  
байқаудың статистикалық нысаны  
Приложение 5 к приказу  
Председателя Комитета  
по статистике Министерства  
национальной экономики



Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі  
Статистика комитеті

## Тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өткізу туралы есеп Отчет о реализации товаров и услуг

Индексі 2-сауда айлық

есепті кезең

			жыл
			год

Индекс 2-торговля месячная

отчетный период

Экономикалық қызметінің негізгі түрлері Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің кодына сәйкес 45 – автомобильдер мен мотоциклдерді көтерме және бөлшек саудада сату және оларды жөндеу; 46 (46.1 кодынан басқа) – автомобильдер мен мотоциклдер саудасынан басқа, көтерме саудада сату; 47 – автомобильдер мен мотоциклдерді сатудан басқа, бөлшек сауда; 56 – тамақ өнімдерімен және сусындармен қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсету, бөлшек сауда кодына жататын заңды тұлғалар және (немесе) олардың қызметкерлерінің саны 100-ден жоғары құрылымдық және окшауланған бөлімшелері, сондай-ақ қызметкерлерінің саны 100 адамға дейін іріктемеге түскен заңды тұлғалар ұсынады

Представляют юридические лица и (или) их структурные и обособленные подразделения с численностью работников свыше 100 человек, а также попавшие в выборку юридические лица с численностью работников до 100 человек, основной вид экономической деятельности которых относится к кодам Общего классификатора видов экономической деятельности 45 – оптовая и розничная торговля автомобилями и мотоциклами и их ремонт; 46 (кроме кода 46.1) – оптовая торговля, за исключением торговли автомобилями и мотоциклами; 47 – розничная торговля, кроме торговли автомобилями и мотоциклами; 56 – предоставление услуг по обеспечению питанием и напитками

Ұсыну мерзімі – есепті кезеңнен кейінгі 3-күнге (қоса алғанда) дейін

Срок предоставления – до 3 числа (включительно) после отчетного периода

БСН коды

Код БИН

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

1. Тауарларды нақты өткізу орнын көрсетіңіз (кәсіпорынның тіркелген жеріне қарамастан) - облыс, қала, аудан, елді мекен

Укажите фактическое место реализации товаров (независимо от места регистрации предприятия) - область, город, район, населенный пункт

--

1.1 Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне сәйкес аумақ коды (респондент статистикалық нысанды қағаз жеткізгіште ұсынған кезде аумақтық статистика органының тиісті қызметкері толтырады)

Код территории согласно Классификатору административно-территориальных объектов (заполняется соответствующим работником территориального органа статистики при представлении респондентом на бумажном носителе)

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

2. Есепті айға тауарларды, көрсетілетін қызметтерді өткізу көлемін және тауар қорларын көрсетіңіз, мың теңге

Укажите объем реализации товаров, услуг и товарных запасов за отчетный месяц, в тысячах тенге

Жол коды Код строки	Атауы Наименование	Барлығы Всего	Одан азық-түлік тауарлары И з н и х продовольственные товары

А	Б	1	2
1	Көтерме сауда көлемі Объем оптовой торговли		
2	Бөлшек сауда көлемі Объем розничной торговли		
3	Есепті айдың соңына тауар қорлары Товарные запасы на конец отчетного месяца		x
4	Автомобильдерге жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша қызмет көрсетудің көлемі Объем предоставления услуг по техническому обслуживанию и ремонту автомобилей		x
5	Тамақ өнімдерімен және сусындармен қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетудің көлемі Объем предоставления услуг по обеспечению питанием и напитками		x

### 3. Есепті айдың соңындағы тауар қорлары

#### Товарные запасы на конец отчетного месяца

Жол коды Код строки	Атауы Наименование	Өлшем бірлігі Единица измерения	Есепті айдың соңына бойынша заттай мәнде тауар қорлары Товарные запасы на конец отчетного месяца в натуральном выражении
А	Б	С	1
1	Тазартылған, жылтыратылған күріш Рис шлифованный, полированный	килограмм	
2	Қарақұмық жармасы Крупа гречневая	килограмм	
3	Күнбағыс майы Масло подсолнечное	литр	
4	Ақ қауданды қырыққабат Капуста белокочанная	килограмм	
5	Басты пияз Лук репчатый	килограмм	
6	Сәбіз Морковь	килограмм	

7	Картоп Картофель	килограмм	
8	Құмшекер Сахар-песок	килограмм	
9	Тұз Соль	килограмм	

4. Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақытты көрсетіңіз, сағатпен (кажеттісін қоршаңыз)

Укажите время, затраченное на заполнение статистической формы, в часах (нужное обвести)

1 сағатқа дейін	1-2	2-4	4-8	8-40	40 сағаттан артық
до 1 часа					более 40 часов

Атауы

Мекенжайы (респонденттің)

Наименование \_\_\_\_\_ Адрес (респондента) \_\_\_\_\_

Телефоны (респонденттің)

Телефон (респондента) \_\_\_\_\_

стационарлық

ұялы

стационарный

мобильный

Электрондық пошта мекенжайы (респонденттің)

Адрес электронной почты (респондента) \_\_\_\_\_

Орындаушы

Исполнитель \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефоны (орындаушының) фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон (исполнителя)

Бас бухгалтер немесе оның

міндетін атқарушы тұлға

Главный бухгалтер или лицо

исполняющее его обязанности \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Басшы немесе оның

міндетін атқарушы тұлға

Руководитель или лицо,

исполняющее его обязанности \_\_\_\_\_



тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы  
фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

**Ескертпе:**

Примечание:

**Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бастапқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады**

Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики в установленный срок являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан "Об административных правонарушениях"

Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау және  
реформалар агенттігінің Ұлттық  
статистика бюросының  
басшысы  
2022 жылғы 15 желтоқсандағы  
№ 40 бұйрығына  
4-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі  
Статистика комитеті  
төрағасының  
2020 жылғы "24" қаңтардағы  
№ 9 бұйрығына  
6-қосымша

**"Тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өткізу туралы есеп" (индексі 2-сауда, кезеңділігі айлық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық**

1. Осы нұсқаулық "Тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өткізу туралы есеп" (индексі 2-сауда кезеңділігі айлық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Осы Нұсқаулықта мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) бөлшек сауда – кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке, отбасылық, үй ішінде немесе басқа да пайдалануға арналған тауарларды сатып алушыға сату бойынша кәсіпкерлік қызмет;

2) көтерме сауда – жеке, отбасылық, үй ішінде және осындай өзге де пайдаланумен байланысты емес кейіннен сатуға немесе өзге де мақсаттарға арналған тауарларды өткізу жөніндегі кәсіпкерлік қызмет.

3. 1-бөлімде респонденттердің орналасқан жеріне (облыс, қала, аудан, елді мекен) қарамастан тауарларды нақты өткізу орны көрсетіледі. Егер кәсіпорынның әртүрлі

облыстарда (өңірлерде) статистикалық нысанды ұсыну бойынша өкілеттілігі жоқ бірнеше құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері (сауда нүктелері) болса, заңды тұлғалар статистикалық нысанды әрбір құрылымдық және оқшауланған бөлімшенің орналасқан орнын 1-бөлімде көрсете отырып ұсынады.

4. 2-бөлімде 1, 2, 4, 5-жолдарда заңды тұлғалардың қолма-қол ақшамен және ақшаны қолма-қол төлемей есеп айырысуы арқылы сатып алушыларға сатылған тауардан немесе көрсетілген қызметтен түскен өткізу көлемі көрсетіледі. Ақшалай қаражаттың төлемге нақты түскеніне қарамастан тауарларды өткізген күн табысты алған күн болып танылады.

Статистикалық байқаудың мақсаттары үшін тауарларды және көрсетілетін қызметтерді өткізу көлемі сауда үстеме бағасын қамтитын, қосылған құнға салықтарсыз, акциздерсіз нақты сату бағаларында беріледі.

Бөлшек сауда айналымына бөлшек сауда желісінен заңды тұлғаларға және дара кәсіпкерлерге босатылған тауарлардың құны қосылмайды.

3-жол бойынша есепті кезеңнің соңына кәсіпорындарда орналасқан (қоймада, жолда) тауарлардың құны ақшалай мәнде көрсетіледі.

4-жолды есепті кезеңде автомобильдерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша қызметін ұсынған кәсіпорындар толтырады.

Автомобильдерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша қызмет көрсетуге көлік құралдары бөлшектерін, электр жабдықтарын, шанақтарды жөндеу бойынша көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ жууды, жылтыратуды, бояуды; жел қаққыш шыныларды, терезелерді жөндеу, дөңгелек қаптарын, камераларды жөндеуді, оларды орнату немесе ауыстыруды, бөліктері мен керек-жарақтарын орнатуды қамту жатады.

5-жолды есепті кезеңде тамақ өнімдерімен және сусындармен қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсету көлемін ұсынған кәсіпорындар толтырады.

Тамақ өнімдерімен және сусындармен қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсету түріне тұтыну үшін дайын тағамдарды, сусындарды сату кәсіпорындарының келесі типтері: мейрамханалар, барлар, таверналар, тамақ ішетін орындар, буфеттер, асханалар, өзі шығарған өнімдерді, сондай-ақ тез арада пайдалануға жарамды басқа азық-түлік тауарларын өндірумен, өңдеумен, өткізумен және тұтынуды ұйымдастырумен байланысты кәсіпкерлік қызмет жатады.

4-1. 3-бөлімде тауарлық қорлардың ай соңындағы заттай көріністе(киллограмм,литр ) санын көрсету керек.

5. Есепті кезеңде қызметі болмаған кезде респондент тиісті жылға арналған бекітілген Респонденттердің жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулар бойынша алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигінде көрсетілген осы есепті кезең үшін статистикалық нысандарды ұсынудың ең ерте мерзімдерінің аяқталу күнінен кешіктірмей Қызметінің болмағандығы туралы хабарламаны Қазақстан Республикасы

Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі № 173 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6459 болып тіркелген) Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидаларымен белгіленген тәртіпте ұсынады.

6. Осы статистикалық нысанды ұсыну электрондық түрде немесе қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында (<https://cabinet.stat.gov.kz/>) орналастырылған " Респонденттің кабинеті".

Ескерту: x – осы позиция толтыруға жатпайды.

7. Арифметикалық-логикалық бақылау:

2-бөлім: 1-баған  $\geq$  2-бағанның 1,2-жолы бойынша;

егер 1-жол  $>0$  немесе 2-жол  $>0$  онда 1-баған бойынша 3-жол  $\neq 0$  (жол берілетін бақылау) ;

3-бөлім: егер 2-бөлім 1-жол 2-баған  $\geq 0$  болса, онда 3-бөлім 1-баған  $\neq 0$  (жол берілетін бақылау);

егер 2-бөлім 2-жол 2-баған  $\geq 0$  болса, онда 3-бөлім 1-баған  $\neq 0$  (жол берілетін бақылау ).